

**Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінің
2025-2026оқу жылындағы
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жылдық есебі**

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылды. Тәрбие жүйесінің мақсаты – білім алушыларды тәрбиелеу бағдарламасы шеңберіндегі әр түрлі іс-әрекеттерінің мазмұнын кіріктіру тәрбие беру мұраттары мен құндылықтары негізінде жүзеге асырылып, білім алушылардың жеке тұлғалық сапалығы, Қазақстан патриоттылығы, жалпы адамзаттық құндылықтары негізінде қалыптастыру, тәрбие жүйесінде жас ұрпақты Отанға, халқына, елі мен туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелей отырып, бойына сіңіріп, қалыптастыру өте маңызды орын алады. Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды. Мектептегі тәрбие жүйесі жеке тұлғаға тиімді және мақсатты құрылған тәрбие үрдісінің бір бөлігі. Тәрбие жүйесінің құрылымы: сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі, ата-аналар қоғамдық кеңесі, балалар мен жасөспірімдер ұйымы, ұлдармен, қыздармен жұмыс, психологиялық қызмет, әлеуметтік көмек, кітапханалық қызмет, құқықтық кеңес, үйірмелер, бағыттарымен жұмыс атқарылды. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері тәрбиелеудің әрбір бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын, тәрбиенің заманауи тұжырымдарын, білім мен тәрбиені дамытудың әлемдік үрдістерін: жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, компьютерлендіру, цифрландыру, универсалдандыру тәрбиенің әдістемелік негіздері мен қағидаттарын қамтылған түсінік пен танымнан құралған.

Биылғы 2025–2026 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Әр айдың іс-шаралары: күнделікті «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындалды.

- **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйек сөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізіліп отырады.
- **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

"Төрт тоқсан- төрт өнер" ұлттық мәдени - ағартушылық жобасы аясында күнделікті іс-шаралар атқарылды. «Заң және тәртіп» құндылығы бойынша мектепте 2-13 қыркүйек аралығында жолда жүру тәртібін сақтау тақырыбымен "Жол ережесінің қауіпсіздігі" тақырыбында онкүндік өтті. АПБ қызметкерлерінің қатысуымен «Қауіпсіз жол», «Сақ бол жолаушы» тақырыбында Еңбекші АПБ инспекторы полиция майоры Элмира Абдрахманова мектеп оқушыларына жол қозғалысының ережелері мен оның қауіпсіздігі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді. «Смартфонсыз сабақ пен үзіліс» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді, оқу кабинеттеріне телефонға арналған жәшіктер орнатылды. «БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ» тақырыбында мектепте ата-аналар және педұжыммен жиналыстар өткізілді.

1 қыркүйек-«Білім күніне» орай 1-11 сыныптарына арналған салтанатты жиын өткізілді. “Мектеп-мейірім мекені!” тақырыбында сынып сағаттар өткізілді. 5 қыркүйек-Қазақстан халқы тілдері күніне орай “Тіл мәртебесін – ұлықтайық” қыркүйектің I аптасында гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері ұйымдастырды. Атқарылған жұмыстардың бейнероликтерін білім басқармасының сайттарына әлеуметтік желілерге орналастырылды. Қыркүйектің екінші жексенбісі - Отбасы күніне арналған “Отбасы-тәрбиенің бесігі” атты тәрбие сағаттары, «Отбасы бақыт мекені» атты фотоколлаж көрмесі ұйымдастырылды. "Тоғызқұмалақ күні" аясында 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын қолдай отырып, тоғызқұмалақ ойыны өткізілді, "Бұрымды қыз" челленджі, «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастырылды – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. Мектеп кітапханашысы Күлжанар Жұмабек «Кітап арқылы ашылған сырлы әлем» тақырыбында кітаптар керуенін ұйымдастырды. Қыркүйектің үшінші жексенбісі-Аналар күніне орай “Анаға тағзым” атты мерекелік іс шаралар өткізілді. «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуін сынып жетекшілер ұйымдастырды. Қыркүйектің соңғы жексенбі-Еңбек күніне байланысты жоспар құрылып түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

“Еңбекорлық және кәсіби біліктілік” құндылығы аясында сынып сағаттар өткізілді.”Еңбегі адал- жас өрен”жобасын жүзеге асыру бағытында “Адал еңбек-өмірдің құндылығы”тақырыбында тәрбие сағаты өтті, 7-8сынып білім алушылар арасында “Еңбекте батырлар туады”эссе байқауы өткізілді. "Менің жетістігім – менің нәтижем" деген тақырыпта пікірсайыс өткізілді. «Еңбек түбі – береке» атты бизнес өкілдерімен кездесу өтті. Бұл шараның мақсаты – еңбекқорлықтың және тынымсыз еңбектің кәсіпкерлік саласындағы маңыздылығын көрсету, қатысушыларға табысты бизнес құру жолындағы құнды кеңестер беру. Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында 10 минут қауіпсіздік сабақтарына арналады.

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Халықаралық қарттар күніне орай жоспарланған іс-шаралар өз уақытында ұйымдастырылып, өткізілді. 1 қазан қарттар күніне орай “Қарты бар ел- қазыналы ел” атты кездесу өткізілді. «Қарттарым аман-сау жүрсін» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. "Ардагерлерді ардақтайық" тақырыбында 8 сынып оқушылары челлендж ұйымдастырды. Қарттарымызға, олардың ғұмыр бойы істеген еңбектеріне сый-құрмет көрсету мақсатында мектептің 6 сынып оқушылары зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстазбен еңбек жолы жайында сұхбат жүргізіп, аула тазалауға көмек көрсетті. Мұғалімдер күніне орай 1-қазан күні 8-11 сынып арасында,"Мектебің алтын ұя жарқыраған, Ұстазың -бұлақ көзі сарқыраған" тақырыбында эссе байқауы өтті, "Ұстаздар, бар жақсылық сіздер үшін" тақырыбында ұстаздар мерекесіне оқушылардан құттықтау арнады. "Өз ұстазыңды құттықта!" «Даналық ұстаздан!» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды. 11 сыныптарының ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мектептің ұстаздарының құрметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “Дублер”күні өткізілді. «Күзгі асар» атты жәрмеңкесі ұйымдастырылды. 11-қазан күні Фариза Оңғарсынованың мерейтойына орай. "Әкеме", "Өлең, мен сені аялап өтем..." шығармасын мәнерлеп оқу, "Елінің еңлік гүлі" тақырыбында эссе байқауы, "Фариза Оңғарсынованың поэзиясы" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Жетекшісі: Жунусова Айгерім Бауыржанқызы қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі. Фариза Оңғарсынованың мерейтойына байланысты жоспарға сай 16-қазан күні "Елінің еңлік гүлі" тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды. Білім алушылар ақынның шығармаларын жан-жақты талдай отырып, эссе талаптарын сақтай отырып, талапқа сай жазды. "Кел, дос болайық!" акциясы аясында тақырыптық тәрбие сағаттары, акция, ата аналармен кездесу өткізілді. «ДосLike» жобасы аясында мектеп психологы З. Абдукаримова 5 сынып оқушыларымен достық қарым-қатынас пен бір-біріне деген сыйластығын, көзқарастарын дұрыс қалыптастыру мақсатында тренингтік жаттығу өткізді. «Баланың интернеттегі қауіпсіздігі» жайында сынып жетекшілер ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізді. "Интернеттің сенің өміріңе беретін әсері қандай?" атты кездесу өтті. “Кел дос болайық” акциясы аясында білім алушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, достық сезімдерін дамуына ықпал ету мақсатында мектеп психологы Зулфия Абдукаримова 9-11 сынып оқушылары арасында сынып білім оқушыларымен “Достық-татулықтан басталады”, “Достық шеңбері” тақырыптарында психологиялық тренинг өткізді. «Дос болайық” тақырыбында кіші футболдан мектепшілік турнир өткізілді. "Интернетсіз өмір" тақырыбында 10-сыныптар арасында челлендж өткізілді. Балаларды достарымен жағымды қарым-қатынас жасауға үйрету; өзара сыйластық, өзара түсіністік, өзара

көмек қарым – қатынастарын дамыту; татулыққа, достыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында мектеп ұжымдары мен ата-аналарға арналған дәрістер кестесі жасалды. 14 қазан күні «Балалардың достығы - ата-ананың білуі маңызды» тақырыбында 8 сынып ата-аналар, жасөспірімдермен кездесу ұйымдастырылып өткізілді. Кездесу барысында «Баланы мектепте дос болуға қалай үйрету керек?» тақырыбында пікіралмасу жүргізілді, кеңестер берілді. Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісті. Ата-аналарды қолдау орталығының жоспары аясында “Ұйқы және психикалық денсаулық” тақырыбында ата-аналармен семинар сабақтар өткізілді. Мақсаты: Жасөспірімнің психикалық денсаулығын сақтау факторы ретінде ата-аналардың ұйқыға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру. Сабақ барысында ұйқының маңызы және адам денсаулығына тигізетін әсері жайлы кеңінен айтылды. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында ұйқысыздық белең алуда. Оның бірден - бір себебі- гаджеттерді жиі қолдану. Гаджетті тиімді пайдалану режимі ұсынылды. Сонымен қатар, ата-аналар “Салауатты ұйқы” жобасын өздері топта талқылап ұсынды. «Даналық мектебі» шеңбері аясында 5-9 сыныптың әкелер қауымымен: "Әке болудың кілті өз қолыңызда!" тақырыпта кездесу ұйымдастырып, өткізілді. Мақсаты: Әкелердің отбасындағы, қоғамдағы рөлінің зор екендігіне, отбасы тәрбиесінде әке жолының ерекше екендігін ұғындыру барысында мектептегі тәрбие мәселелері мен мектеп өміріне де ат салысуға шақыру. Іс-шара барысында әкелер қауымымен түрлі жаңа, қызықты әдістер арқылы бала тәрбиесінде әкенің рөлі зор екендігі туралы айтылып, бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт-бағдар беру және жалпы бала тәрбиесіндегі қыр-сырларымен бөлісті. Сонымен қатар, кездесу барысында әкелердің бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңыздылығы арттырылып, балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы қарастырылды. Барлық әкелер қауымы белсенді қатысып, өздерінің ойларымен бөлісті. Республика күніне орай іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспар бойынша іс-шаралар атқарылды. "Менің елім-Қазақстан" тақырыбында кітапханашылардың ұйымдастыруымен кітаптар көрмесі өткізілді. Оқушыларға елеулі күннің маңыздылығы түсіндіріліп, патриоттық бағыттағы баяндама жасалды. "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында 2024 жылдың қазан айының 23-күні білім алушылары арасында отансүйгіштік пен туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында "Өнұран айту" челленджи ұйымдастырылып өткізілді. Отанын сүйетін ұлтжанды, еліміздің рәміздерін құрметтейтін, жаны таза, адамгершілігі мол нағыз азаматты қалыптастыру көзделді. Бұл іс-шараның басты мақсаты Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігін атап өтуге арналған маңызды мемлекеттік мереке. Гимнді бірыңғай орындау – білім алушыларды патриоттық сезімдерге, бірлікке шақыратын рәсім. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсету мен ұлттық рухты дәріптеу мақсатында өткізілді.

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

«Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!» – апта дәйексөзі негізінде «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында Сыбайлас жемқорлық іс-қимыл агенттігі қызметкерлерінің қатысуымен «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбында іс-шара өтті. «Шабыт» жобасы аясында мектеп театрын дамыту мақсатында Театр қойылымдары ұйымдастырылып, іс-шара көрсетілді.

«Тура биде туған жоқ!» – апта дәйексөзі негізінде 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күніне орай «Теңге – Қазақстанның үміті мен өмірінің символы» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында

мектеп парламентінің ұйымдастырумен «Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойынын ұйымдастырылды. «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі» апта дәйексөзі негізінде «Өмірге салауатты қадам» атты «Оқушылар топтарының колоннадағы қозғалысы» туралы алдын алу іс-шарасы ұйымдастырылды. «Smart bala» жобасы аясында музыка пәнінің мұғалімінің ұйымдастырумен «Startup» байқауы ұйымдастырылды. «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» - апта дәйексөзі негізінде «Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік» тақырыбында 1-11 сыныптарда құқықтық тәрбие сағаттары өткізілді. Аудандық жасөспірімдер прокуратура, полиция қызметкерлерінің қатысуымен 8-11 сынып оқушылармен кездесу ұйымдастырылды. Тақырыпқа байланысты тележобалар мен деректі фильмдерді талқыланды. Шымкент қаласы прокуратурасы, Шымкент қаласы полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» тақырыбында 8-11 сыныптармен алдын-алу шаралары ұйымдастырылды. Қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл толуына орай қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдерінің ұйымдастырумен «Тілім менің ғасырларға аманат» атты мектепішілік іс-шара ұйымдастырылды.

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

«Қамқор» жобасы аясында мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау мақсатында «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» атты акциясы өткізілді. Мектеп Парламентінің ұйымдастырумен «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі ұйымдастырылды.

«Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» - апта дәйексөзі негізінде «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Білім кілті - кітапхана» атты әдеби кеш/кітап жәрмеңкесі челлендж ұйымдастырылып, кітап кейіпкерлері байқауы өткізілді.

«Бірлік болмай тірлік болмас» - апта дәйексөзі негізінде «Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Ұшқыр ой алаңы» дебат ұйымдастырылды. «Буллингтен қорған!» сынып сағаттары өткізілді. «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»- апта дәйексөзі негізінде Ойынға салауатты көзқарас атты «Оқушыларды жүк автомобильдерінде тасу» тақырыбында Мектеп инспекторы мен полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен лудоманияның алдын алу іс-шарасы өткізілді. Дін істері басқармасы, теолог мамандары қатысуымен «Бірлік және ынтымақ құндылығы» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Мектептің тәрбие жүйесінде білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Білім алушылардың қажеттіліктері мен бейімділіктерін анықтау негізінде және ата-аналармен әңгімелесулер жүргізу нәтижесінде үйірмелер анықталып, білім алушылар қызығушылықтары арқылы топтастырылып, білім алушының жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, мектепте рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық тәрбиесін іске асыру мақсатында білім алушыларымыз қаладағы балалар және жасөспірімдер сарайына, бірнеше спорт мектебіне қазақ күрес, дзюдо үйірмелеріне қамтылған. Мектебімізде оқушылардың қызығушылығына қарай алғыр, батыл, өзін көпшілік алдында еркін ұстай алатын, өз ой-пікірін анық жеткізе алатын, өзіне сенімді, осынау өзгермелі заман ағымына жеңіл бейімделе алатын, салауатты өмір салтын ұстанатын шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мақсатында үйірмелер жұмыс жасайды. Үйірме жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген. Үйірмеге қатысқан әрбір оқушы өз білімін шыңдап, қабілетін дамытып, шығармашылық қызығушылықтары мен

бейімділіктерін арттырды. Мектептегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру аумағында камералар жұмыс жасап тұр. Мектеп директорының бұйрығымен бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кезекшілік құрылып, бөгде адамдардың келмеуіне жол бермеу шаралары ұйымдастырылды. Тіркеу журналдары енгізілді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс-шаралар жоспары құрылып, Республикалық «Қауіпсіз мектеп» акциясы өткізілді. Жалпы қауіпсіздік сабақтары, ата-аналар жиналысы өткізілді. Олардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін орындар мен тұлғалар туралы ақпараттарды тіркеуге арналған журнал арналды, Қауіпті аймақтарға ескертпелер ілінді. Мектепте террористік әрекеттің алдын алу, мекеме объектісін және ондағы қызметкерлер мен білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейту мақсатында арнайы өткізу режимі бойынша объектіге кірер есікте келушілерді вахтер құжаттары арқылы журналға тіркеп, олардың кіріп-шығуын бақылауға алады. «Террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорты» жасалынған. Сонымен қатар, қауіпсіздікті сақтау мақсатында мектептің ішкі (ұлдар, қыздар) әжетханасы іске қосылған және әжетханада кесте бойынша кезекшілер бар.

Оқу жылы басында білім алушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жол қауіпсіздігін есте сақтауға, жол ережесінің белгілерімен таныстыру, жол белгілерін ажырату қабілетін дамыту, оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу мақсатында "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру: Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген 1-8 сынып оқушыларына арналған «Жолда жүру ережесі» негіздері сабақтары сынып сағаттары есебінен 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда аталған оқу курсы 10 сағаттан тәрбие сағаттарына кіріктіріліп жүргізілді. Мектеп оқушыларына «Жолда жүру ережелерін» оқыту мен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде маңызды орын алатын «Жол қозғалысының жас инспекторлары» жасақтары құрылып, білім алушыларға үгіт-насихат жұмыстары, жол белгілері, жол қозғалысы ережелері, көшеде өздерін дұрыс ұстау, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі туралы ақпараттық түсіндіру жұмысы жүргізіліп, жадынамалар таратылды. Көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрысына байланысты дағдыларын нығайту, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу мақсатында «Жолда жүру ережесін білеміз бе?» интеллектуалдық сайыс, «Алғашқы медициналық көмек», «Зардап шеккен адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету дағдыларын меңгеру» тақырыптарында 1-11 сынып білім алушыларымен тәжірибелік сабақтар көрсетілді. Балалар арасында жол-көлік жарақатының алдын алу мақсатында мектеп инспекторының қатысуымен "Велосипедпен жүру" және "Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелері бойынша) әңгімелесулер, «Жол жүру ережелерінің білгірлері» топтық жарыс, "Жүргізуші және жаяу жүргінші" тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен «Абайлаңыз балалар!» /мұздан абайла/ апталығы өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында құқықтық сағаттар мен тренингтер мен құқық қорғау органдарымен кездесулер өткізілді. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында мамандықтар марафоны өткізілді. Тәуекел топтағы оқушылар мен кәмелетке толмағандар арасында салауатты өмір

салтын қалыптастыру репродуктивті денсаулығын сақтау қауіпсіз іс-әрекетпен ерте жүктілік тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында зияткерлік ойыны ұйымдастырылды. "Балалар еңбегін қанауға қарсы 12 күн» ұлттық ақпараттық науқанын іске асыру мақсатында жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілді. Оқушыларға шынайы мысалдар арқылы түсіндіру мақсатында мектеп инспекторының қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында кездесулер ұйымдастырылып, анықтамалар түзілді. «Бала - біздің ертеңіміз» атты жалпы және сыныпаралық ата-аналар жиналыстары өткізіліп, уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. «Smart bala» жобасы аясында «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы өткізілді. Түнгі мезгілде жасөспірімдердің заңсыз өкілінсіз жүруін және ойын-сауық орындарында болуын, оларға спирттік ішімдіктер мен темекі өнімдерін сату деректерін анықтау және құқықбұзушылықтың алдын-алуға бағытталған рейдтік іс-шаралар жүргізілді. «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Әкеммен өткен бір күнім» тренинг, әкеге хат, дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында пікірсайыс дебаты ұйымдастырылды. Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай мәнерлеп оқу сайысы, іс-шара, көрме, кездесу ұйымдастырылды. Құқықбұзушылықтың алдын-алу (*буллинг, бопсалау, өзге де қысым көрсету фактілері, жыныстық қылмыстар, есірткі пайдалану және т.б., сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, қылмыстық әрекеттер*) бойынша тиісті уәкілетті органдардың оның ішінде құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірлесіп іс-шаралар өткізіліп, тренинг, дөңгелек үстел, кездесу т.б. ұйымдастырылды. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі ұйымдастырылды. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын-алу мақсатында жедел аухалды ескере отырып, «Жасөспірім және Заң», «Отбасы», «Әр бала назарда» атты акциялар өткізіп, қылмыстың алдын-алу мақсатында акциялар ұйымдастырылды. «Smart bala» жобасы аясында «Startup» байқауы ұйымдастырылды. Құқықбұзушылықтың алдын-алу, профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мақсатында кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті эсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шарасы аясында сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту, тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізілді. Репродуктивті, психикалық денсаулық мәселелері, сондай-ақ (*ертежүктілік, маскүнемдік, нашақорлық, лудомания, құмар ойындар және т.б.*) балалардың арасында қорқыту мен кибербуллингтің алдын алу мәселелері бойынша уәкілетті органдармен бірлесіп түрлі форматта іс-шаралар кездесу, семинар, тренингтер ұйымдастырылды. «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» ұраны аясында кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын-алу және сауаттылығын арттыру мақсатында қыз балалар мен ер балаларға жыныстық, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп құқықтық сағат, кездесулер өткізілді. Тақырыпқа байланысты тележобалар мен деректі фильмдерді талқыланып,

анықтамалар жазылды. Оқушылармен зайырлылық қағидағтарды нығайту, қылмыстың алдын-алу, діни экстремизм мен терроризм идеяларынан қорғау мақсатында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Ана өмір шуағы», «Сыйынамын Ана деген тәңірге» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен «Абайлаңыз балалар!» апталығы Апта бойы іс-шаралар өткізіліп, хаттамалар түзілді. /арнайы жоспар бойынша/. «Ойынға салауатты көзқарас» лудомания бойынша алдын алу іс-шарасы өткізілді. Жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін және жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға 9-11 сыныптың оқушыларына «Әскерге бару әрбір ер азаматтың борышы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. 22 наурыз – Наурыз мерекесіне орай «Армысың әз-Наурыз» мерекелік іс шара той думан ұйымдастырылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жоспарына сәйкес «Ананың аялы алақаны» челленджі өткізілді. «Шабыт» жобасы аясында «Ұлттық мәдениет» көрмесі ұйымдастырылды. «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтармен табиғат зерттеушілерінің форумы өткізілді. «Қамқор» жобасы «Жер сағаты» экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 5-6, 7-10 сыныптың оқушы қыздарымен психологиялық әңгімелер, тренингтер өткізілді. Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл толуына орай іс-шара ұйымдастырылды. Діни экстремизмнің алдын-алу бойынша оқушыларға психологиялық тренингтер ұйымдастырылды. «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шарасы сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту, тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізілді. Құқықбұзушылықтың алдын-алу (*буллинг, бопсалау, өзге де қысым көрсету фактілері, жыныстық қылмыстар, есірткі пайдалану және т.б., сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, қылмыстық әрекеттер*) бойынша тиісті уәкілетті органдардың оның ішінде құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірлесіп іс-шаралар өткізілді.

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

«Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» дәйексөзі аясында жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен «Абайлаңыз балалар!» апталығы өткізілді. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күніне орай «Біз таңдаған кітаптар» іс-шара ұйымдастырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында байқау, көрме, тренинг, құқықтық сағат ұйымдастырылды. Жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін және жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға Республикалық акция аясында «Әскердегі сарбазға хат» челлендж ұйымдастырылды. 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне орай салауатты өмір салтын сақтаймыз атты спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. «Өмірге салауатты қадам» Мәнерлеп оқу сайысы, танымдық іс-шара, көрме ұйымдастырылды. Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын-алу және сауаттылығын арттыру мақсатында қыз балалар мен ер балаларға жыныстық, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп құқықтық сағат, тележобалар мен деректі фильмдерді кездесулер өткізілді. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында тақырыпқа сай

пікірсайыс өткізілді. «Алтын қазына» көркем және сәндік қолданбалы өнер балалар шығармашылығы Республикалық көрме байқауы ұйымдастырылды. Түнгі мезгілде жасөспірімдердің заңсыз өкілінсіз жүруін және ойын-сауық орындарында болуын, оларға спирттік ішімдіктер мен темекі өнімдерін сату деректерін анықтау және жол бермеуге бағытталған құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша рейдтік іс-шаралар жүргізілді. Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер» дәйексөзі негізге ала отырып «Қамқор» жобасы аясында «Түлектердің ағаш егуі» экокелленджі челлендж ұйымдастырылды. Құқықбұзушылықтың алдын-алу (буллинг, бопсалау, өзге де қысым көрсету фактілері, жыныстық қылмыстар, есірткі пайдалану және т.б., сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу) бойынша тиісті уәкілетті органдардың оның ішінде құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірлесіп іс-шаралар өткізіліп, тренинг, дөңгелек үстел, кездесулер ұйымдастырылды. Репродуктивті, психикалық денсаулық мәселелері, сондай-ақ (ертежүктілік, маскүнемдік, нашақорлық, лудомания, құмар ойындар және т.б.) балалардың арасында қорқыту мен кибербуллингің алдын алу мәселелері бойынша уәкілетті органдармен бірлесіп кездесу, семинар, тренинг іс-шаралар ұйымдастырылды. Жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін және жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны ұйымдастырылды. Оқушылармен зайырлылық қағидаттарды нығайту, қылмыстың алдын-алу, діни экстремизм мен терроризм идеяларынан қорғау мақсатында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Діни экстремизмнің алдын-алу бойынша оқушыларға психологиялық тренингтер ұйымдастырылды. Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, құқықбұзушылықтың алдын-алу, профилактикалық іс-шараларды ұйымдастырылды. «Шабыт» жобасы аясында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі ұйымдастырылды. Жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін және жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту мақсатында «Шабыт» жобасы аясында 7 мамыр – Ұландар күніне орай «Отанды қорғау парымыз» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы өтіп, фотосуреттер көрмесі ұйымдастырылды. Жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесін және жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға «Шабыт» жобасы аясында 9 мамыр – Ұлы Жеңістің күніне орай «Жасасын мәңгі – Жеңіс күні!», тақырыптарында мерекелік іс-шара өткізу мерекелік іс-шара өткізілді. «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек» дәйексөзі аясында «Қауіпсіз қоғам» құқықбұзушылықтың алдын алу іс-шарасын ұйымдастыру мақсатында 15 мамыр - Халықаралық отбасы күніне орай «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында жалпы және сыныпаралық қорытынды ата-аналар форумы өткізілді. Мектеп бітіру кешіне орай «Сыңғырла күміс қоңырау» тақырыбында мектеп бітіру іс-шарасы өткізілді.

18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күніне орай мектеп оқушылары тарихи мұражайларға серуен ұйымдастырылды. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай іс-шараға мектеп оқушылары қатысты.

Маусым – тәуелсіздік және отаншылдық айы

«Ең берік қамал – Отанға деген сүйіспеншілік» 1маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мектеп жанынан ашылған лагерь балаларына көңілді іс-шара өткізіліп, тәтті балмұздақ таратылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1Z4t9mJGPt/>
<https://www.facebook.com/share/p/16uY1wj1eu/>
<https://www.facebook.com/share/p/1Giimn56Sx/>
<https://www.facebook.com/share/v/1Ya3un7dZ2/>
<https://www.facebook.com/share/p/1HpirjTcey/>
<https://www.facebook.com/share/v/17MAXPqk9e/>
<https://www.facebook.com/share/p/15aYhzhov/>
<https://www.facebook.com/share/v/1DXjBdE9Pb/>
<https://www.facebook.com/share/v/14Lzr8i9gHh/>
<https://www.facebook.com/share/v/1B7Lz3GgaK/>
<https://www.facebook.com/share/v/1A45uoCRKs/>
<https://www.facebook.com/share/p/17L6Z6AEZ1/>
<https://www.facebook.com/share/v/19cRwsNycs/>
<https://www.facebook.com/share/p/1794NEvorP/>
<https://www.facebook.com/share/p/1C4msrM3h6/>
<https://www.facebook.com/share/p/14Q6sD2eFhD/>
<https://www.facebook.com/share/p/19eCCpqyka/>
<https://www.facebook.com/share/v/17h7wmZraN/>
<https://www.facebook.com/share/r/1CVqz8GGYT/>
<https://www.facebook.com/share/p/1A2jDVRASU/>
<https://www.facebook.com/share/v/16mmq32YRs/>
<https://www.facebook.com/share/p/1AeC2fJaU3/>
<https://www.facebook.com/share/p/1Cg9WneAco/>
<https://www.facebook.com/share/r/1A2npPeVvN/>
<https://www.facebook.com/share/v/1GVVMANZSb/>
<https://www.facebook.com/share/p/17MZrdLv5y/>
<https://www.facebook.com/share/p/179xo7m5JG/>
<https://www.facebook.com/share/v/1CTA7a5U5s/>
<https://www.facebook.com/share/v/1BPtYuljjs/>
<https://www.facebook.com/share/p/1JWrLH9bzf/>
<https://www.facebook.com/share/v/1CN89DjbBU/>
<https://www.facebook.com/share/p/1EfpmUz2QY/>
<https://www.facebook.com/share/p/1BuuSnzE2D/>
<https://www.facebook.com/share/p/1G5msFamMa/>
<https://www.facebook.com/share/p/1Fo35TUMZf/>
<https://www.facebook.com/share/p/1BtmSQ4KJQ/>
<https://www.facebook.com/share/p/16nAi41tTC/>
<https://www.facebook.com/share/p/1C178t8ZXs/>

<https://www.facebook.com/share/p/1Bk21gP8wD/>
<https://www.facebook.com/share/p/1AtvspJi9M/>
<https://www.facebook.com/share/p/1B5bsQB4zZ/>
<https://www.facebook.com/share/v/1AKSWVHYkG/>
<https://www.facebook.com/share/r/1Tyyfeqiff/>
<https://www.facebook.com/share/p/1Sk7utTPnb/>
<https://www.facebook.com/share/p/1BtBjCf9ZR/>
<https://www.facebook.com/share/p/1AM1xFoh8t/>
<https://www.facebook.com/share/v/1A7hy7u7dk/>
<https://www.facebook.com/share/p/17oUpKYD3/>
<https://www.facebook.com/share/r/16kdAzHMCd/>
<https://www.facebook.com/share/p/1C2UsrL7Sw/>
<https://www.facebook.com/share/p/1DTDd2RSRN/>

<https://www.facebook.com/share/r/1G7i2V2Mm2/>
<https://www.facebook.com/share/p/1CCA45fsUY/>
<https://www.facebook.com/share/v/1AQ7fDyZEU/>
<https://www.facebook.com/share/p/1GXc8PcXLd/>
<https://www.facebook.com/share/r/1CLVdjyTFJ/>
<https://www.facebook.com/share/p/1FzwSLuXV9/>

<https://www.facebook.com/share/r/1DASwBchLr/>
<https://www.facebook.com/share/p/1H5qVnqgzK/>
<https://www.facebook.com/otyz.birinsi.mektep.tereskova/posts/pfbid0bP1WBCbLTsasStibchrP3vgHNik3amFdnUREyMu7ZL81xPogyNJSrMLdzJqvcq1qI>
<https://www.facebook.com/share/v/1CBtBhkG49/>
<https://www.facebook.com/otyz.birinsi.mektep.tereskova/posts/pfbid034t8h8KYszqAmBaEYmaXAWSbemLWUadbgPoYxrXMGymyRQco4AVuuyWLnYTZcmcZtl>
<https://www.facebook.com/share/p/1EkV77yUCd/>
<https://www.facebook.com/share/p/1AZYJfXuyV/>
<https://www.facebook.com/share/v/185m1h7wmp/>
<https://www.facebook.com/share/p/1LJqFvdHiF/>
<https://www.facebook.com/share/v/1AuJFzQT23/>
<https://www.facebook.com/share/v/1DB1fLbLEY/>
<https://www.facebook.com/share/r/1DDpxufAvf/>
<https://www.facebook.com/share/p/1bToVKwHak/>
<https://www.facebook.com/share/r/1G3b2nrQjn/>
<https://www.facebook.com/share/r/1DqA3SX5xB/>
<https://www.facebook.com/share/v/1BxRHDWKWD/>
<https://www.facebook.com/share/p/1CD8zzgW6g/>
<https://www.facebook.com/share/p/184fKlJPWv/>
<https://www.facebook.com/share/p/1FEf28iRED/>
<https://www.facebook.com/share/p/1E7EYcZHSr/>
<https://www.facebook.com/share/p/1BYguHJeri/>
<https://www.facebook.com/share/v/1DZwuVEXQf/>
<https://www.facebook.com/share/r/1Bj8xfTRaF/>
<https://www.facebook.com/share/r/1CXpiyujkX/>
<https://www.facebook.com/share/p/1DeERNPoCB/>
<https://www.facebook.com/share/r/1EAsFXXq7F/>
<https://www.facebook.com/share/r/1BwRsnsmbi/>
<https://www.facebook.com/share/p/18RxYHDtkz/>
<https://www.facebook.com/share/p/183QnmizTo/>
<https://www.facebook.com/share/p/1H7r5JhaSY/>
<https://www.facebook.com/share/p/18CQEswWoG/>
<https://www.facebook.com/share/p/1B7dqj25ER/>
<https://www.facebook.com/share/v/17x3nYaWpU/>
<https://www.facebook.com/share/r/1BKrLeUocm/>
<https://www.facebook.com/share/p/1DKPGBiu35/>
<https://www.facebook.com/share/p/1GNhzxi9zE/>
<https://www.facebook.com/share/r/1HDMPaAVmH/>
<https://www.facebook.com/share/p/1DUA1Buy3k/>
<https://www.facebook.com/share/r/184E2PFEwk/>
<https://www.facebook.com/share/p/1AckwunyDs/>
<https://www.facebook.com/share/p/1AbW2ZzPqq/>
<https://www.facebook.com/share/p/1E84Au1cNs/>
<https://www.facebook.com/share/p/1HCRYHJ7pB/>
<https://www.facebook.com/share/p/1TagrCpSpL/>
<https://www.facebook.com/share/r/186NxaKj7m/>
<https://www.facebook.com/share/r/18TSxzzUoC/>
<https://www.facebook.com/share/p/1CkcYqksbT/>
<https://www.facebook.com/share/v/18QjFhre4W/>
<https://www.facebook.com/share/v/1UiZ65Ey6o/>

<https://www.facebook.com/share/v/1aZH4KTsQP/>
<https://www.facebook.com/share/v/17WJjkwQyU/>
<https://www.facebook.com/share/v/18ULKapSBx/>
<https://www.facebook.com/share/r/1DdHnJQF56/>
<https://www.facebook.com/share/p/1CSRm4BRuF/>
<https://www.facebook.com/share/p/1DyVsZfaq3/>
<https://www.facebook.com/share/p/1De7sGQiLj/>
<https://www.facebook.com/share/v/17wEov2ibX/>
<https://www.facebook.com/share/r/1Far214sFk/>
<https://www.facebook.com/share/r/1GmiwhxdiX/>
<https://www.facebook.com/share/p/17BweLmXCU/>
<https://www.facebook.com/share/p/18bEsGNXPh/>
<https://www.facebook.com/share/p/1ASTVXR5LG/>
<https://www.facebook.com/share/r/18grBc3Pop/>
<https://www.facebook.com/share/p/1EGJStpbFs/>
<https://www.facebook.com/share/p/1Hw1jWrB3y/>
<https://www.facebook.com/share/p/1Ce04j6vGM/>
<https://www.facebook.com/share/p/1Lf3ouYV5b/>
<https://www.facebook.com/share/p/18ZoH5L6Tk/>
<https://www.facebook.com/share/r/1Eswp8BH5i/>

**Терешкова атындағы №31 жалпы
орта білім беретін мектебінің
2025-2026оқу жылындағы
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын
жүзеге асыру бойынша
жылдық есебі**